

УДК 378

Әлеуметтік педагогикалық жұмыста цифрлы технологияларды пайдалану

Тлеубердинова Айгерим Есболовна

aigerim_enu@mail.ru

Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ әлеуметтік ғылымдар факультетінің «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығының 4- курс студенті Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Н. П. Албытова

Қоғамның даму бағытының түбегейлі өзгеріске ұшырауы мен ондағы жеке тұлғаның әлеуметтену процесінде әлеуметтік педагогтің рөлінің маңыздылығы ғылыми тұрғыда зерттеудің басты тақырыбына айналып келеді. Әлеуметтік педагогикалық жұмыста бұл тұлғаның қоғамдық тәрбиелеу құрылымдарының өмірден, отбасынан, әлеуметтік-мәдени ортадан алшақтауын жою арқылы балалар мен жастарды әлеуметтік тәрбиелеу жұмысы болып табылады. Сондықтан қазіргі әлеуметтік педагогтің жұмыс нысанына байланысты атқаратын қызметінде цифрлы технологияларды пайдалану маңызды.

Әлеуметтік педагог - әртүрлі әлеуметтік-мәдени ортада балалармен тәрбие жұмысын ұйымдастырушы маман. Ол жеке тұлғаның психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері мен оның қызығушылықтары мен қажеттіліктерін, мінез-құлығындағы ауытқуды анықтай отырып, оны қоршаған микроортаны зерттейді және балаға уақытында әлеуметтік көмек пен қолдау көрсетеді [1].

Әлеуметтік педагогиканың мақсаты — жеке тұлғаның, топтың оның өзіндік ерекшелігін және өзі өмір сүретін мемлекеттің (қоғамның) әлеуметтік мәдениетін ескере отырып, әлеуметтік қалыптасуына ықпал ету. Өзінді (топты) және өзге адамды (басқа топтарды) ерекшелейтін қасиеттерды ұғыну. Олар жас ерекшелік кезеңдерінде, еріктік ерекшеліктерінде, жеке мүмкіндіктері (мысалы, ерекше қажеттіліктері бар, ерекше күтімді қажет ететін) адамдар арасында көрініс табады [2].

Әлеуметтік педагогикалық іс-әрекетте жұмыстың нысанына байланысты қолданатын әдістер мен технологиялар көптеп кездеседі. Кез-келген мәселені орындап, белгілі бір нәтижеге жету үшін технологияны дұрыс әрі қолайлы таңдап қолдану қажет.

«Технология» деген термин гректің түп тамыры *techne* – өнер, шеберлік, кәсіп және *logos* – ғылым, білім деген сөздерінен шыққан. Екі түп тамырының бірлігін шеберлік туралы ғылым немесе білімді беретін деген сөзді құрайды. Ол өндірістік үдерістерді жүргізудің тәсілдері мен құралдары туралы білімдер жиынтығы.

Педагогикалық технология – бұл педагогикалық әрекеттер табысына кепіл болардай нақты ғылыми жоба. Әрі сол жобаның дәл жаңғырып іске асуы. Педагогикалық технология – кешенді үдеріс. Ол өз құрамына адамдарды, идеяларды, құрал-жабдықтарды, сонымен бірге жоспарлау, қамсыздандыру, бағалау және білім меңгерудің барша қырлары жөніндегі проблемалардың шешімін басқаруды қамтиды.

Педагогикалық технологиялар түрлері көп болуына қарамастан, олардың іске асуының екі ғана жолы бар. Біріншісі – теориялық негізде орындалуы (В. Б. Беспалько, В. В. Данилов, В. К. Дьяченко және т.б.), екіншісі – тәжірибе арқылы жүзеге асуы (Е.Н.Ильина, С.Н.Лысенкова, В.Ф.Шаталов және т.б.) [3].

Ал, әлеуметтік педагогтің пайдаланатын технологияларына: ізгілендіру технологиясы, ынтымақтастық технологиясы, кейс технологиясы, ойын технологиясы, цифрлы технологиялар және т.б. жатады. Осының ішінде бүгінгі таңда өзекті әрі толық зерттеуді қажет ететін цифрлы технологияға тоқталып өтуді жөн көрдік.

Әдіскер С.Көшімбетова зерттеуінде оқу-тәрбие үдерісінде оқытудың инновациялық әдіс-тәсілдерін қолданудың мынадай ерекшеліктерін атап көрсеткен:

- ізгілендіру технологиясында педагогика ғылымының алдыңғы қатарлы ғылыми жаңалықтарды тәжірибеде «бала – субъект», «бала – объект» тұрғысынан енгізіле бастайды да, ал ғылыми білімдер «оның тұрмысының әлеуметтік жағдайы мен іс-әрекетінің әлеуметтік нәтижесінің бірлігінде қарастырады;

- ақпараттық бағдарламалап оқыту – оқытудың мазмұнын пәнаралық байланыс тұрғысынан ұйымдастыру;

- қоғам мен табиғат заңдылықтарын кіріктіру негізінде меңгеруі;

- иллюстрациялы түсіндірмелі оқытуда «адам-қоғам-табиғат» үйлесімдік бағыттағы дүниетанымында жүйелі саналы мәдениет қалыптасады; - саралап деңгейлеп оқыту технологиясында оқытудың мазмұны мен әдістері шығармашылық ізденіс іс-әрекет жасау негізінде адамның инновациялық қабілеттерінің қалыптасуына бағытталады.

- оқытушы білмейтін шығармашылық ізденіс негізінде өмірге келген жаңа қабілет; - дербес оқыту технологиясы оқу-тәрбие үдерісінде ғылымның негіздерін игерту үшін ізгілік, адамгершілік қасиеттерді қалыптастыра отырып, жеке тұлғаның әлеуметтік-психологиялық жауапкершілігін арттырады [4].

Әлеуметтік педагог өмірдің әртүрлі ситуациясындағы тұлғалары: балалар, жасөспірімдер, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, ата-аналар, қарттар, қауіп-қатер тобындағы отбасылар және т.б. жұмыс істеу бағытына байланысты құжаттар мен іс-қағаздарын дайындау дәстүрлі форматта жүргізіліп келе жатыр. Цифрлы технологияларды кесте, түрлі тірек-сызбалар, диаграммаларды толтыру үшін пайдаланады. Дегенмен әлеуметтік педагогикалық жұмыста цифрлы технологиялардың жұмыс істеу шеңбері кең, тиімділігі көп. Цифрлы технологиялар арқылы әлеуметтік педагог тез әрі ыңғайлы форматта мектептің әкімшілігіне, әлеуметтік қорғау департаментіне, ҚР халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне ақпаратты бере алады.

Ақпарат технологиясы (АТ, ағылш. *information technology*, ИТ) — объектінің, процестің немесе құбылыстың күйі туралы жаңа ақпарат алу үшін мәліметтерді жинау, өңдеу, жеткізу тәсілдері мен құралдарының жиынтығын пайдаланатын процесс. Ақпарат технологиясы дегеніміз компьютерді және телекоммуникациялық жабдықтарды деректерді сақтау, шығару, тасымалдау және өзгертуге арналған технология [5].

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев халыққа жолдауында: «Адамзат үшін ХХІ ғасыр – жаңа технологиялар ғасыры болмақ, ал осы жаңа технологияларды жүзеге асырып, өмірге енгізу, игеру және жетілдіру – бүгінгі жас ұрпақ, сіздердің еншілеріңіз.. Ал жас ұрпақтың тағдыры – ұстаздардың қолында», деп атап көрсеткен [6]. Демек, заманауи жас ұрпақты тәрбиелеу үшін педагог жаңа технологияларды ұтымды пайдалану әдістерін меңгеруі тиіс. Жас ұрпақтың тағдыры ұстаздардың қолында, оның ішінде – әлеуметтік педагогтің орны орасан зор. Себебі білім мен тәрбие баланың бойына қандай маңызды болса, қоғамға әлеуметтенудің маңыздылығы сондай. Әлеуметтік педагог осы тұрғыда цифрлы технологияларды қандай мақсаттарда пайдалана алатындығын нақты көрсетуге болады:

Заңдық тұрғыда бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 12 желтоқсандағы «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы негізінде орта, техникалық, кәсіби, жоғары білім беруде цифрлық сауаттылықты арттыру жолдары көрсетілген. «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының (бұдан әрі – бағдарлама) мақсаттары орта мерзімді перспективада Қазақстан Республикасы экономикасының даму қарқынын жеделдету және цифрлық технологияларды пайдалану есебінен халықтың өмір сүру сапасын жақсарту, сондай-ақ ұзақ мерзімді перспективада Қазақстанның экономикасын болашақтың цифрлық экономикасын құруды қамтамасыз ететін түбегейлі жаңа даму траекториясына көшіруге жағдай жасау болып табылады [7].

Осы бағдарламаның негізінде әлеуметтік педагогтің мектептегі оқушылармен жұмысын цифрландыру жұмыстары жүргізуді ұсынуға болады. Олар:

Баланың мектепке келуін қадағалау. Kundelik.kz – Қазақстанның жалпы білім беретін мектептері үшін электронды оқу журналы мен авторматтандырылған ақпараттық жүйесінде «әлеуметтік педагог» қызметі тармақшасын орналастыру арқылы баланың мектепке келуін – ата-ана, сынып жетекші, әлеуметтік педагогтің хабардар болуы. «Үштік одақтың» бір мезгілде оқушы жайлы ақпаратпен хабардар болуы, оның оқу үлгерімі мен қатар әлеуметтенуінің тиімділігін жоғарылатады.

- Сабаққа қызығушылығы төмен, тәртібі нашар оқушымен жұмыс. Пән мұғалімдерінің «ескерту» бөліміне жазылған пікір әлеуметтік педагогқа түсуі тиіс. Сол арқылы ол – бойында агрессивті мінез-құлқы басым, пассивті оқушыларды анықтап жұмыс жасайды. Диагностикалық жұмыс жасау барысында әр кезеңнің қорытындысын сол жерге жазу арқылы – ата-анамен, сынып жетекшіні ақпараттандырып отырады.

- Әлеуметтік педагог – әлеуметтік менеджер. ҚР Үкіметі тағайындайтын мектептегі аз қамтылған отбасылардың балаларына, көпбалалы және толық емес отбасында тәрбиеленетін балаларға арналған кепілдендірілген әлеуметтік пакеттің қамтамасыз етілуін қадағалау. Қазақстан Республикасының халықты еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігіне электронды форматта ақпараттандыру.

- Әлеуметтік педагог қызметі сайтын ашу. Оқушылармен, ата-аналармен, жетім балалар, ерекше күтімді қажет ететін балалардың ата-аналарымен, толық/толық емес, аз қамтылған көп балалы отбасылар және т.б. жұмыс істеу бағытына байланысты жеке тұлғаларды ақпараттандыру. Осы санатқа жататын әр адам әлеуметтік педагогикалық қолдауды тиімді әрі оңай ала алады. Мысалы: ата-аналарға кеңес беру; тәрбие беруге арналған кітаптар; фильмдер тізімі.

- Әлеуметтік желі – ақпарат алаңы. Statcounter Global Stats мәліметтері бойынша 2021 жылы қаңтар айында әлемдегі ең танымал әлеуметтік желі Facebook болды, оның үлесі 69,8% құрады. Одан кейін Pinterest (11,9%), Twitter (9,5%), YouTube (4,9%) және Instagram (2,6%) тұр, деп хабарлады ranking.kz. Қазақстанда Pinterest әлеуметтік желісі бірінші орынға жайғасқан, оның үлесі 32,7%. Ең көп қолданылатын ТОП-5 әлеуметтік желінің қатарына YouTube (20,4%), «ВКонтакте» (14,9%), Facebook (13,5%) және Twitter (11,3%) енді. Осы көрсеткіштерге қарағанда, әлеуметтік педагогтің әлеуметтік желіде өз парақшасы болуы заңдылық. Өз блогын жүргізу арқылы – өзгелердің болашағына рухани азық болар ақпараттардың көзін жазып отыруы тиіс.

- Қашықтан қолдау көрсете алу мүмкіндігі. Дүниежүзінде орын алған эпидемиологиялық жағдайға сәйкес – Қазақстанда білім беру қашықтықтан, онлайн форматында жүргізіліп келе жатыр. Балалар оқуын тоқтатпағанымен, олардың әлеуметтену процесі екінші орынға қойылды. Осы орайда әлеуметтік педагогпен онлайн платформалар арқылы сұхбаттасу жүргізілуі қажет.

- Цифрлы әдістерді пайдалану. Жүргізілетін сауалнама, анкеталарды аз уақытта және жауабын бірден алу мүмкіндігі. Диагностика жүргізу барысында диаграммаларды пайдалану.

Қорыта келгенде, әлеуметтік педагогтің жүргізетін практикалық жұмыстарының нәтижесін көру, жұмыс өнімділігін жоғарылату мақсатында цифрлы технологияларды пайдалану уақытты тиімді пайдалану, толық ақпарат алу, дер кезінде қолдау көрсетуде нәтижелі болмақ. Цифрлы технологиялардың басымдылығы да осында. Қолайлы уақытта, тиімді әрі қажетті ақпаратты бере білу қабілеті – бүгінгі таңдағы әлеуметтік педагогтің құзыреттілігінің бірі болып табылады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Орысша-қазақша түсіндірме сөздік: Педагогика / О 74 Жалпы редакциясын басқарған экономика ғылымдарының докторы, профессор Е. Арын - Павлодар: "ЭКО" ҒӨФ. 2006. - 482 б.
2. Мардахаев Л.В. Социальная педагогика: Учебник. — М.: Гардарики, 2005. — 269 с.
3. Әтемова Қ. Т. Ә 78 Әлеуметтік педагогика.: Оқулық. Алматы: 2012. - 272 бет.
4. Ф. Б. Бөрібекова, Н. Ж. Жанатбекова Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар: Оқулық. – Алматы: 2014. – 360 бет.
5. Daintith, John, ed. (2009), "IT", *A Dictionary of Physics*, Oxford University Press, retrieved 1 тамыз 2012
6. Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтің //Қазақстан халқына Жолдауы/,2014